

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының

ЖИНАҒЫ
7 - қазан, 2022 ж.

Астана, 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



**Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI
ҒАСЫРДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ: БАСЫМДЫҚТАР
МЕН ІЗДЕНІСТЕР» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-
практикалық конференция материалдарының**

ЖИНАҒЫ

7 - қазан, 2022 ж.

СБОРНИК

**материалов Международной научно-практической конференции
«ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В XXI ВЕКЕ: ПРИОРИТЕТЫ И
ПОИСКИ» посвященная памяти профессора А.А.Молдажановой
7-октября, 2022 г.**

COLLECTION

**Collection materials of the International scientific and practical Conference
«PEDAGOGICAL EDUCATION IN THE XXI CENTURY: PRIORITIES AND
SEARCHES» dedicated to the memory of professor A.A.Moldazhanova**

October -7, 2022 y.

Астана, 2022

ӘӨЖ 37.0
БКК 74.00
П 82

Редакция алқасы:

Ж.Д.Курманғалиева - Басқарма мүшесі - Ғылым, коммерциаландыру және интернационалдандыру жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Б.П.Сейітқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Т.С.Сламбекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** - п.ғ.к., доцент; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Махадиева А.К** - PhD., **Балтабаева Ж.Б.** - магистр, **Қуатов А.К.** - магистр.

ISBN 978-601-337-713-1

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Профессор А.А.Молдажанова және қазақстандық білім беру жүйесінің дамуы», «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобаны жүзеге асыру - Жаңа Қазақстанды дамытудағы басым бағыт», «Білім берудің ғаламдық мәселелерін шешуде адами ресурстардың бірігуі» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -587 бет.

ӘӨЖ 37.0
БКК 74.00
П 82

ISBN 978-601-337-713-1

«Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференция.

@Астана, 2022

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МӘНІ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТТЕРІ

Шалғынбаева Қ.Қ.

Педагогика кафедрасының профессоры, п.ғ.д.
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Бүгінде білім беру жүйесінде жалпы және кәсіби білім беру модернизациясымен негізделі бастаған оң өзгерістер байқалады. Сонымен қатар қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, қоғамның дамуындағы ұлттық басымдылықтарды іздестіру өскелең ұрпақты тәрбиелеу үрдісінде қиындықтар туғызуда, олар: қоғамды ақпараттандырудан барлық елде ойын автоматтары желісінің кеңінен таралуына алып келуі және кәмелетке толмағандарда «лудомания» синдромының пайда болуы; жастардың бос уақытын ұйымдастыру базасының қысқартылуынан қараусыз және көше балаларының санының артуы; балалар арасында ішімдік пен нашакорлыққа тәуелділіктің пайда болуы; т.б.

Осы аталғандардың барлығы білім беру ұйымдарының, ата-аналар мен педагогикалық қауымдастықтың мектептегі және қоғамдық орындардағы нормалар мен ережелерді бұзатын, қиыншылықтар туғызатын балаларға назарды күшейтуді, олармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыстарды жүйелі жүргізуді талап етеді.

Алайда, әлеуметтік педагог – әр түрлі әлеуметтік мәдени орталардағы балалармен, жастармен және ересектермен тәрбиелеуші жұмыстарын ұйымдастырушы маман (жанұя, білім беру ұйымдары, мектепке дейінгі мекемелер, балалар үйі, еңбек тобы, қосымша білім беру мекемесі және т.б.). Демек, әлеуметтік педагог - жеке тұлғаның психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері мен оны қоршайтын микроортасын зерттейді, көзқарастары мен қажеттіліктерін айқындайды, тәлім тәрбиесіндегі ауытқуларын анықтайды, олардың құқықтары мен еркіндігін жүзеге асыруына қабілетті етеді, өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік педагогика тәдірибелік іс-әрекет саласы ретінде тұлғаны әлеуметтендірудің маңызды факторы - тәрбиелеуші әлеуметтік ортаны құру мақсатына тәуелді. Себебі, тәрбиелеуші орта аға ұрпақтың беделін, ұлттық дәстүрді, халықтың рухани және мәдени-тарихи құндылықтарын құрметтейтін, әдептілік мінез-құлықтың жоғары стандартын, өзара қарым-қатынас мәдениеті мен ізгілігін сипаттайтын, адамның өнегелік тіршілік ортасы деп түсіндіріледі.

Әлеуметтік педагогтың осындай мақсатты құндылық іс-әрекеті ересектер мен балаларда жалпы құндылықтар жүйесін, қызығушылықтарын (өз отбасы мен балалар тәрбиесі, қоршаған ортаны өзгерту, табиғатты қорғау, халықтың мәдени мұрасын дамыту үшін жауапкершілік сезімін) қалыптастыруға септігін тигізеді.

Осыдан, балалармен ұйымдастырылатын әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің маңызды міндеттері ретінде төмендегілерді бөліп көрсетуге болады:

- болашақ ұрпақты үлкен қоғамдық құрылымдар мен институттардан қорғау, іс-әрекеттегі кемшіліктердің орнын толтыру;

- құрдастары арасында өзінің күшін, басқаға ықпалын ұсынуға, алғашқы табыстарын білуге және әлеуметтік ортада мойындалуына, «Менін» іздеуге мүмкіндік беретін әлеуметтік тәжірибе ортасын ұйымдастыру;

- өскелең ұрпақтың әлеуметтік бейімделуінің алғашқы кезеңінде көмек көрсету, әртүрлі әлеуметтік рөлдер үлгілерін апробациялау, жекелік тұрғыдан тұлғаның интеллектуалдық әлеуетін анықтау;

- жасөспірімдік жастағы жатсыну, жатырқау, әртүрлі орынсыз ұялшақтықтың алдын ала білу;

- жастардың бос уақытын саналы ұйымдастыру арқылы еріксіз бос уақытты өткізу индустриясына қарсы тұру;

- болашақ жастарға еркін саяси іс-әрекеттің өрісін ұсыну;

- таңдау жағдаятында шешім қабылдау, кикілжінді реттеу білімдері мен тәжірибесін меңгерту.

Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет мазмұны оның функциясымен нақтыланады.

Ғалымдар пікірінше, интегративтік, теориялық - танымдық, қолданбалы, гуманистік функциялар әлеуметтік педагогиканың да негізгі функциялары болып табылады.

Интегративтік функция тұлға қалыптасуының әлеуметтік -педагогикалық технологияларын құру үшін әлеуметтік, медициналық, экономикалық, этикалық, психологиялық және басқа да білімнің интеграциясын қамтамасыз етеді.

Теориялық-танымдық функциясы қазіргі қоғамдағы зерттелінетін үрдістер мен құбылыстардың толық бейнесін құрастыру, оларды тереңірек негіздеу, сипаттау және түсіндіру, ашып көрсетуде білімді жинақтаумен сипатталады.

Қолданбалы функциясы ұйымдастырушылық - педагогикалық және психологиялық - педагогикалық аспектілерде әлеуметтендіру үрдісіне әлеуметтік - педагогикалық ықпалды тиімді жетілдірудің шарттарын айқындаумен, жолдары мен тәсілдерін іздестірумен байланысты.

Гуманистік функциясы тұлғаның дамуы және оның өзін-өзі дамытуы үшін қолайлы жағдайлар құратын әлеуметтік-педагогикалық үрдістерді жетілдіру мақсатын айқындайды.

Зерттеушілер басқа да сан алуан түрлі функцияларды бөліп көрсетеді.

Р.Рамсей «Ғылым және кәсіп» оқулығында әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың төмендегідей функцияларын ұсынады [1]:

- ақпараттық;

- психологиялық-педагогикалық;

- диагностикалық;

- болжамдық;

- ұйымдастырушылық;
- практикалық көмек көрсету;
- басқарушылық.

Ал, ресейлік білім академиясының орталығындағы зерттеушілер, әлеуметтік педагогтың кәсіби сипаттамасын ұсынып, төмендегідей функцияларды анықтады[2]:

- ұйымдастырушылық (іс-әрекет түрін ұйымдастыру, бос уақыт мазмұнына әсер ету, жұмысқа орналасуға, кәсіби бағдарлануға және бейімделуге көмектесу, жеткіншектер мен жастардың бастамаларын үйлестіру, клиенттің медициналық, білім беру, мәдени, спорттық, құқықтық мекемелермен, қоғамдық және қайырымдылық ұйымдармен өзара әрекетін ұйымдастыру жұмыстары);
- болжамдық (ықшам аудан мен нақты микросоциумның әлеуметтік даму үрдісін, әлеуметтік реттеуге қатысатын, тұлғаны қалыптастыратын әртүрлі институт іс-әрекетін болжау және бағдарламалау);
- сақтандыру-сауықтыру және әлеуметтік-емдік (әлеуметтік-құқықтық, заңдық, сақтандыратын және жағымсыз әсерді жоятын психологиялық тетіктерді іске қосуды қарастырады, мұқтаждарға әлеуметтік-емдік көмек көрсетуді ұйымдастырады, жеткіншектер мен жастарға әлеуметтік және кәсіби өзін-өзі анықтау кезеңінде көмектеседі);
- коммуникативтік-ұйымдастырушылық (ықшам аудан тұрғындарын, ерікті көмектесушілерді әлеуметтік жұмысқа, бірлескен еңбекке және демалуға, іскерлік пен тұлғалық байланысқа тартуға мүмкіндік туғызады, ақпаратқа назар аудартуды және әртүрлі әлеуметтік институттар арасындағы әрекеттестікті, олардың клиенттерімен жұмыстарын тәртіпке келтіріп реттейді);
- сауықтыру-тәрбиелік (балалар мен ересектердің мінез-құлқына және іс-әрекеттеріне мақсатты бағытта педагогикалық ықпал етуді және ықшам ауданның барлық әлеуметтік институттары – отбасы, еңбек ұжымы, мектеп, бұқаралық ақпарат құралдары, микроәлеумет педагогикалық іс-әрекетіне әсер етуді, қоғамның және тәрбие үдерісінің құралдарын пайдалану мақсатында микроортаның тәрбиелік әлеуетін, белсенді субъект ретінде тұлғаның мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді).

Л.В.Мардахаев бойынша әлеуметтік педагогиканың функциялары[3]:

Танымдық - педагогикалық іс-әрекет практикасын өкілеттілік өкілдерімен (әлеуметтік педагог, әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетті орындаушы адам) немесе арнайы дайындаған адамдармен (зерттеуші, аспирант, докторант) зерттеу.

Ғылыми - әлеуметтік дамудың заңдылықтарын, адамды әлеуметтендіру, оған орта факторының ықпалын зерттеу, әлеуметтік -педагогикалық құбылысты негіздейтін теориялық базаны дайындау.

Диагностикалық (бағалаушылық) - әлеуметтік тұлғаның, топтың әлеуметтік өзіндік ерекшелігін диагностикалау, мекемелердің, жеке мамандардың іс-әрекетін, сонымен бірге социумдағы факторларын, құжаттарды әлеуметтік бағалауды (экспертиза) жүзеге асыру.

Болжамдық - ортаның әлеуметтік-педагогикалық үрдістерін, ондағы адамды, оның жеке даралығын, сондай-ақ оларға мақсатты түрде ықпал ету мүмкіндіктерін (орта мен адамды) дамыту болашағын анықтау.

Түсіндірушілік - әлеуметтік-педагогикалық құбылыстарды, олардың шарттарын және өзгеру мүмкіндіктерін сипаттау.

Бейімделушілік - адамның ортаға немесе ортаның адамның жеке дара ерекшеліктерін ескере отырып, бейімделуін ынталандыруға бағытталған іс-әрекет.

Түрлендіргіш - әлеуметтік педагогика педагогикалық шынайылықты, қарым-қатынасты, оқу-тәрбие үдерісін, оның мазмұнын өзгертуге міндетті.

Коррекциялық - балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік дамуы мен тәрбие үрдісін түзету бойынша мамандар іс-әрекеттеріне бағытталған.

Реабилитациялық - мамандардың адамды дамыту, тәрбиелеу, кәсіби іс-әрекетіне жеке мүмкіндіктерін қайтадан қалпына келтіру бойынша іс-әрекетіне бағыттылығы.

Мобилділік - адамды, топты белгілі бір әрекет пен іс-қылықтарға белсенділігін күшейту бойынша іс-әрекетке бағыттылығы.

Профилактикалық (қорғаушылық-профилактикалық) - мамандардың қалыптасатын адамдағы, топтағы әлеуметтік ауытқушылықты анықтау және алдын алуға бағытталған іс-әрекеті.

Білімділік - әлеуметтік сала үшін кадрларды дайындау әдістемесін, ұйымдастыру мазмұнын зерттеу.

Басқарушылық - мамандардың ұжымдағы, топтағы әлеуметтік-педагогикалық құбылыстарды, тұлғаның әлеуметтік қалыптасу үрдісін басқаруға бағытталған іс-әрекеті.

Сонымен әлеуметтік педагогиканың функциялары төмендегідей жинақтап көрсетіледі:

Теориялық-танымдық функциясы – білімді жинақтай отырып, қазіргі қоғамда зерттелінетін үрдісті толық бейнелеп, тиімді жетілдіруге, оларды сипаттап, түсіндіріп, түпкі негізін ашады.

Қолданбалы функциясы – әлеуметтену үдерісіндегі ұйымдастырушылық - педагогикалық және психологиялық – педагогикалық аспектілерге тікелей байланысты әлеуметтік педагогикалық шарттарды іздестіру жолдары мен тәсілдерін анықтайды.

Гуманитарлық функциясы – әлеуметтік-педагогикалық үрдісті жетілдіру мақсатында тұлғаның дамуы мен өзін-өзі жетілдіруі үшін қолайлы жағдайлар жасау.

Тұтас алғанда, әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет диагностикалық функцияның ерекше маңыздылығын сипаттайды. Тәрбие үдерісінің және оған сәйкес тәрбиелік іс-шаралардың алдын алуды іске асырады, ол барлық әлеуметтік - педагогикалық жұмыстың қажетті компоненттерін диагностикалауға мүмкіндік туғызады.

Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттерді ұйымдастырушылар өз жұмыстарын тұлға және оның әлеуметтік ортасын, осы ортаның жағымды және

жағымсыз факторларының, ұйымдастырылған және стихиялық ықпалдың тұлғаға әсерін зерттеуден бастайды. Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетке тұлғалық-орта тұғыры тән. Оның қызметінің негізгі саласы – ашық социум, бірақ әлеуметтік -педагогикалық іс-әрекет қандай да бір әлеуметтік институт шеңберінде ұйымдастырылуы тиіс.

Әлеуметтік педагог іс-әрекетінің типологиялық саласы: отбасы әлеуметі тұлғаны әлеуметтендіру факторы; мәдени бос уақытты ұйымдастыру; тіршілік ортасындағы салауатты өмір салты; ауытқушылығы бар мінез-құлықтың алдын алу және оны коррекциялау секілді міндеттерді шешетін білім беру мен әлеуметтік тәрбие болып табылады. Әлеуметтік педагогтың іс-әрекеттік саласының сызбанұсқасы ұсынылады (3-сурет).



Сурет – 3. Әлеуметтік педагогтың іс-әрекет саласы

Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің негізгі міндеттері мен ажыратылатын белгілері - оның профилактикалық бағыттылығы, әлеуметтік педагогтың қамқорлыққа алынған клиентте туындайтын мәселелердің алдын алуы. Осыған байланысты әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет ашық ортада девиантты мінез-құлық пен асоциальды құбылыс профилактикасының тиімді құралын зерттейді.

Практикада әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің вариативті моделдері пайда болды. Олардың мазмұны, ұйымдастыру формалары, ұлттық, аймақтық, географиялық жағдайларға қатысты өзіндік ерекшеліктері, тәрбиенің дәстүрлі, тарихи тәжірибесіне, мекемелердің кадрлық әлеуетіне, басқа да факторларға байланысты. Бірақ әлеуметтік – педагогикалық іс-әрекеттің кез келген моделі тұлғаны әлеуметтендірудің жетекші және біріншілік факторы ретінде отбасын белсендіру тәсілінің және белгілі бір жағдайларының әрекетінсіз мүмкін емес.

Отбасымен әртүрлі әлеуметтік институттардың, тәрбие саласының өзара әрекеттесуінің тиімді жолдарын іздестіру – әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың түбегейлі өзіндік ерекшелігі.

Осыдан әлеуметтік-педагогикалық жұмыстардың негізгі тәсілдеріне мыналар жатады: отбасындағы қатынасты жақсарту, оның тәрбиелік әлеуетін

нығайту, оны әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетке қатыстыру, отбасының белсенділігін ынталандыру, отбасымен және отбасы үшін бірлескен жұмыстар ұйымдастыру, отбасын қоғамдық институттармен, әлеуметтік қызметтермен айырбастамау, мемлекеттік көмек пен қолдау көрсету, т.б.

Әлеуметтік-педагогикалық жұмыс клиенттің мәселені шешуге кешенді, пәнаралық тұрғыдан келуін ұсынады, оны жүзеге асыру үшін әртүрлі профилдегі мамандардың: педагог, психолог, заңгер, дәрігер, мәдени қызметкер, әлеуметтік педагог және әлеуметтік қызметкер, дефектолог, психиатр, спортты ұйымдастырушы және т.б. белсенді қатысуын белгілейді.

Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің ажыратылатын осындай белгілері оны адамға интегративтік көмектесу ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, егер өзіне-өзі көмек көрсетуінің басымды қағидаларында құралатын болса, онда әлеуметтік-педагогикалық жұмыс тиімді болады.

Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетке қазіргі заман тұрғысынан келу «емдеу», «көмек көрсету» міндеттерін ғана емес, адамды және қоршаған ортаны сауықтыру, өзгерту міндеттерін де атқарады.

Тұлға және оның әлеуметтік ортасының білімділік әлеуеті неғұрлым жоғары болса, өмірлік мәселелерді өз бетімен шешуі және қиындықты жеңуі, өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі қамтамасыздандыруы да соғұрлым жоғары болады.

Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет білім беру, мәдени, дене мәдениеті және спорт, денсаулық сақтау мекемелерінің, әлеуметтік қорғау, жұмыспен қамту, миграция, құқық қорғау органдарының әлеуметтік-педагогикалық функцияларын іске асырусыз мүмкін емес.

Бұл функцияларды жүзеге асыру әлеуметтік-педагогикалық жүйенің ашық режимінде олардың мынадай жұмыстарын ұсынады: қала, ауыл тұрғындарына, осы мекемелерге көрсетілетін әлеуметтік қызметтің қолжетімділігі, жас ерекшеліктеріне, әлеуметтік материалдық жағдайларына, ұлтына, дініне тәуелсіз әртүрлі категориядағы халыққа қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастырудың маңызды тұғыры әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың пәнаралық және мекемеаралық сипатын қамтамасыз етуге икемді тұрғылықты әкімшілік-әлеуметтік институттың басқарушылық рөлі болып табылады.

Қорыта келгенде, алдын алу жұмыстары бойынша әлеуметтік – педагогикалық іс-әрекеттің өзіне тән ерекшеліктері бар түрлері бөліп көрсетіледі: білім беру ұйымдарындағы әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет; балалардың қоғамдық бірлестіктері мен ұйымдарындағы әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет; балалардың жаздық демалыс орындарындағы әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет; конфессиядағы әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет.

Сонымен қатар, қалыптан ауытқыған балалармен әлеуметтік реабилитация (оңалту, сауықтыру, ақтау) жұмыс балалар категориясына қарай мазмұндық бағдарланған, оның мынадай түрлерін бөліп көрсетуге болады:

дамуында ауытқуы бар балалармен әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет; педагогикалық ауытқушылығы бар балалармен әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет; ата-ананың қарауынсыз қалған балалармен әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет; мінез-құлқында ауытқушылығы (девиантты) бар балалармен әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет. Осылардың ішінде қиын балалармен жүргізілетін әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің ерекшеліктері де қарастырылады.

Әдебиеттер:

1. Рамсей Р. Социальная работа: наука и профессия. К развитию концепции. М., 2001. Вып.3.
2. Мустаева Ф.А. Основы социальной педагогики: учеб. для студ. Высш. учеб. завед. – М.: Академический проект, 2005. – С. 345-353.
3. Мардахаев Л.В. Социальная педагогика. Полный курс: Учебник. - М.: Издательство Юрайт. 2011. - 797с.

ӘӨЖ 371.01

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ЖАҒДАЙЛАРДА ӨЗІН-ӨЗІ РЕТТЕУДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫ

Шәріп М. Т., Байсарина С.С.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана

Қазіргі таңда болашақ педагог-психологтарда өзін-өзі реттеудің жоғары деңгейі болуы керек, бұл бір жағынан педагогикалық мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі болса, екінші жағынан кәсіби және моральдық даму және жетілдіру шарттары. Көптеген педагог-психологтар үшін педагог тұлғасының кәсіби маңызды сапасы ретінде эмоционалдық өзін-өзі реттеу жеткілікті түрде дамымаған. Педагогикалық жоғары оқу орындарында дайындық кезінде бұл қасиетке тиісті мән берілмейді.

Педагог-психологтардың көпшілігінің мамандығына қанағаттанбауы, әртүрлі невротикалық және деструктивті күйлері мектепті тастап кетуге әкеліп соғады. Сондықтан болашақ педагог-психологтардың эмоционалдық жағдайын басқаруға дайындығын қалыптастыру мәселесі қазіргі таңда өзекті болып отыр. Қазіргі мектептердегі психикалық жүктеме айтарлықтай үлкен, педагогтың психикасына ерекше жоғары талаптар қойылады. Оның іс-әрекетінің тиімділігі көбінесе қабылдауға, зейінге, есте сақтауға, ойлауға, ерікті қасиеттерге және психикалық күйлерді басқару қабілетіне байланысты.

Педагогтардың психологиялық-педагогикалық дайындығы балалармен жұмыс істеуде қарым-қатынаста және оқу мақсаттарына жетуде ерекше рөл атқарады. Өкінішке орай, әртүрлі тұрмыстық және әлеуметтік мәселелер, конфликттіктер педагогтардың психикалық жағдайына кері әсерін тигізеді, және де қызметіне кері әсер етуі мүмкін стресстік жағдайларды тудырады.